

А И Қ Ы Н

СЫМСЫЗ ТЕЛЕФОННЫҢ СҰМДЫҒЫ



6 наурыз – бұдан тура отыз үш жыл бұрын алғашқы ұялы телефон шығарылған күн. Ұялы телефон – адам баласы ойлап тапқан таңғажайып өнер құрылғысы болғанымен, түбінде ең қауіптісі де осы болатын түрі бар.

Ормандай орыстың деревнядан шыққан сұмдық дарынды ақыны Сергей Есенин бағанаға тартылған электр сымдары кең даланың тынысын тарылтып, қысып, тұншықтырып жатқанына қатты қарсылық білдіріп өлең жазған. Сол Есенин ғайыптан тіріліп келсе, электормагниттік сәулелер тек сымдардан емес, қолымыздағы қаптаған ұялы телефоннан, сансыз антеннадан, үйдегі қарақұрым техникалық құрылғылардан анталап, андыздап шығып жатқанын көріп, көзге көрінбейтін, иісі жоқ жаумен жағаласа да алмай, жанынан қайта безіп кетер еді-ау дейсің.

Балаңыздың бойындағы шаршау, ашулану, жүйке жұқару, ұйқыбастық, күйзелістің көбісі осы ұялы телефонның кесірінен екенін бір сәт ойлап көрдіңіз бе? Кейбір балалар басына жастап, құлаққап киіп музыка тыңдап жатады. Сонымен ұйқыға батады. Телефонда не жоқ дейсіз, не керектің бәрі бар. Ғаламторға, оның ішіндегі неше түрлі әлеуметтік желілерге қосылғандықтан, жер шарының түкпір-түкпірінен неше түрлі хабарламалар минут сайын ойнақ салып, шынғырып, бұрқырап түсіп жатады. Осының бәрі адамның миына, жүрегіне әсер етпейді деп ойлайсыз ба? Оның үстіне экраны құйтымдай болғандықтан, балаңыздың көз майы да тез таусылады. Арты біртіндеп соқыр болуға алып келеді. Тіпті аты жоқ жаман аурудың осы телефоннан туатынын кейбір ғалымдар зар қақсап айтып та жүр. Мәселен, шведтік ғалымдар 10-11 жастан бері ұялы телефонды тұрақты пайдаланатын жандардың ми ісігіне тап болуы әбден мүмкін деп мәлімдеді. Себебі электромагниттік сәулелер ойлау қабілетін реттейтін мидың жүйке орталығына енеді екен. Алайда соған құлақ түріп, елеп жатқан кім бар.

Тұңғыш коммерциялық ұялы телефонды 1983 жылы 6 наурыз күні Motorola компаниясы шығарған екен. Бағасынан бас айналатын – 3,995\$. Салмағы бір келіге жуық. Көлемі де осал емес 33x4,4x8,9 см. Егер оны осы заманда пайдаланатын болсақ, қуаты бір сағатқа ғана жетер еді. Бірақ ол кезде бұл байланыстың ең жетілген заманауи түрі болатын. Сондықтан бұған қол жеткізу үшін америкалықтар қырғын кезекке тұрған. Қазір ұялы телефон итке де таңсық емес. Жетілгені соншалық, компьютерінді де, теле-визорынды да, тіпті шынайы қарым-қатынасты да алмастыра береді. Жастардың, тіпті ересектердің де дені алтын уақытын қолындағы қос-қос телефонды шұқылаумен өткізеді, экранға көз майын жегізіп, құлаққап киіп, жоғарыда айтқандай ұйықтағанда да басына жастап жатады. Оны айтасыз, әлі тілі шықпаған, еңбектеп жүрген бүлдіршіндердің қолына жұбату үшін ұялы телефонын күні бойы ұстатып қояды. Ол оның тілін үлкендерден кем білмейді. Оған басқа да неше түрлі «ойыншықтар» қосылған. Ал жыл сайын жаңа телефон шығып, адамды өзіне неғұрлым баурау үшін неше түрлі ойындар, жаңа қызметтер ұсынады. Мұндай жаңа мүмкіндіктер іске қосылған сайын, адамдардың жаңағыдай әдеті артпаса, кемімесі анық.

Телефон бағасы қымбат болған сайын оның атқаратын функциясы көп, ал ол көп болған сайын денсаулыққа барынша қауіпті. Алғашқы шығарылған телефондардың қауіптілігі 100-150 жылдан кейін бір-ақ білінетін болса, қазір қалтада жүретін телефон екі жылдан кейін-ақ айықпас дертке шалдықтыруы мүмкін. Сондықтан қымбат та қуатты телефонға әуестене берсеңіз, кейін денсаулығыңызға кінәрат артпайтын болыңыз. Телефонның жаңа үлгілерінің адам денсаулығына кері әсері жоқ деген жалған сөз дейді оқымыстылар. Жалпы, ғалымдардың айтуынша, сымсыз интернет Wi-Fi, WiMAX және 3G жүйесі адам мен жан-жануарлардың денсаулығына зиянды әсер ететіні ғылыми түрде дәлелденген. Олай болса, электромагниттік өрістің зиянды ықпалы жыл сайын кеңейіп бара жатқаны,

бұдан алдымен техника жаңалықтарына құмар белсенді жастардың зардап шегіп жатқаны сөзсіз.

Қайбір жылы Малайзияда бензин құю стансасында алапат жарылыс болған. Зерттеп көрсе, жарылысқа ұялы телефон себеп болыпты. Қалай дейсіз бе? Ұялы телефонның магниттік өрісі АЗС-тың электронды қондырғы жұмысын істен шығарған. Бұдан басқа, қолдан абайсызда жерге түсіп кеткен телефоннан көзге көрінбейтін ұшқын шығады екен, осының өзі май құю орталығында жарылыс тудыруы мүмкін екені дәлелденген. Осыдан кейін әлемдегі бүкіл авиакомпаниялар дүрлігіске түскен: енді ше, егер ұялы телефон ұшақтың электронды қондырғысын істен шығарса не болмақ? Бұдан кейін зерттеу тәжірибелері көрсеткендей, қазіргі ұшақтардағы қондырғылардың қуаттылығы соншалық, ұялы телефондардың магниттік өрісінің оған әсері әлсіз екен. Соның өзінде әлемдегі ешбір авиакомпания ұшақ бортында ұялы телефон қолдануға рұқсат бермейді. Оның себебі, ұялы телефон диспетчермен байланысқа түсетін приборға әсер етеді. Ал бұл аппаратураның маңыздылығы сол, диспетчер жоғары-төменгі бағытты, циклонды, маршруттың кенеттен өзгеруін, т.б. хабарлап отырады. Сондықтан да ұшақ көкке көтерілерде стюардессалардың әмәнда жолаушылардан ұялы телефондарын өшіруді өтінетіні осыдан. Оның үстіне кейбір ұшақтан үрейленгіш жолаушыларға қасындағы біреудің телефонын қайта-қайта шұқылап, сөйлесіп отырғаны да кері әсер етеді. Сондықтан да клиентке жайлы болу үшін ұшақта телефон қолдануға тыйым бар. Кейбір телефон аппараттарында «мен ұшақтамын» деген де саласы бар. Біреуге хабарласпақ болсаңыз да телефон автоматты түрде өшіріледі.

Дамыған Еуропаңыз мектеп пен балабақша аумағында, сондай-ақ қоғамдық орындарда Wi-Fi мен ұялы телефон қолданудан бас тартып жатыр. Оның орнына байланыстың сымды түрін таңдауды ұсынған. Қытай да бұл жағынан қарап қалмауда. Сонау 2001 жылы-ақ Еуропарламенттің ғылыми зерттеулер басқармасы кәметтік жасқа толмаған балаларға ұялы телефонды пайдалануға тыйым салғанын білеміз. Адам ағзасына радиацияның әсерін зерттеген ғалымдар ұялы телефондардың қорапшаларына «Денсаулық сақтау ұйымы ескертеді» деген ескертпе жазуларды енгізу керек деген де ұсыныс білдірді. Тіпті Тәжікстан президенті Эмомали Рахмон 2009 жылы мектептер мен жоғары оқу орындарында білім алушыларға ұялы телефон пайдалануға тыйым салған. Одан не шыққанын білмейміз. Дегенмен қанша тыйым салынса да, сымсыз телефон адам өміріндегі ең маңызды құрал болып тұрғаны мойындамасқа болмайтын шындық. Зерттеушілердің айтуынша, әсіресе еркектерге телефонын шалбарының қалтасына салуға болмайды. Неге екені түсінікті. Қатын-бала керек болса, қазірден бастап қалтаңа жолатпа. Әйелдердің де әдеттенбегені жөн. Өзіне болмаса да, болашақ баласына зияны тиеді. Тіпті пиджактың қалталарына салсаңыз да, электромагнитті толқындар ішкі ағзаға зиянды әсер етеді екен. Сонда бұдан қайда, қалай, қашан қашып құтыламыз десеңізші... Көлік жүргізіп келе жатқанда ұялы телефонмен сөйлесу көлік апатына ұшырауға алып келетіні, ал оның ақыры өлімге де апаруы мүмкін екені біз айтпасақ та белгілі. Оған да мән бермейміз. Ал Сингапурда, мәселен, көлік жүргізіп келе жатып телефонмен сөйлессеңіз, өте қомақты айыппұл төлейсіз не жарты жылға бас бостандығыңыздан айырыласыз. Міне, денсаулыққа мән беретін ел!

Әрине, ұялы телефонның адам денсаулығына соншалық қауіптілігін жоққа шығаратын ғалымдар да аз емес. Мәселен, Оксфорд зерттеушілері бір миллион әйелді сынақтан өткізу арқылы рак ауруы мен ұялы телефон арасында ешқандай байланыс жоқ екенін анықтаған. Бірақ солай екен деп жағаны кеңге салуға болмайтыны анық. Сан қилы зерттеулер жүріп жатыр. Біз тұрмақ, Нобель сыйлығының иегері сымсыз телефонның қауіптілігін айтып дабыл қақса да, оған дәл қазір елең ететіндей ел көрінбейді. Еті өліп барады. Ұялы

телефонның зияны туралы әңгіме айтсаңыз, қасыңыздағы біреу ұялы телефонның пайдасы туралы әңгіме қозғай бастайды. Не істейсіз...

Сонда да болса, «айтпады деп жүрмесін» дегендей, ұялы телефонды қолдану қағидасын тағы бір рет жадыңызға енгізіп қойыңызшы:

1. Қоңырауға 4 секундсыз жауап бермеу, өйткені бұл сәтте электромагниттік толқындар әсері өте күшті болады және тарайды.
2. Сөйлесіп болған соң телефонды құлақтың түбінде ұстап тұрып өшірмеу, себебі өшірген кезде толқындар лезде құлаққа тарайды.
3. Найзағай соғу қаупі жоғары болғандықтан, мүмкін болса, жаңбырлы күні ұялы телефонды қоспау, магниттік күші көбейеді.
4. Телефонмен ең ұзақ дегенде 15 минуттай сөйлесу.
5. Ұйықтаған кезде 1,5 не 2 м алыс жерге қою керек.
6. Қалтадан бөлек, сөмкеде ұстаңыз немесе қалтаңыздан тастамайтын болсаңыз, қорғаныс қапшығына салып жүріңіз.
7. Сөйлесер кезде, құлаққаппен сөйлесу.
8. Телефон төсегіңізде жатпауы керек. Жүйке жүйесіне зиянды әсер етіп, ұйқыны бұзады.

Таңертең бастың ауыратыны және белдің ауыратыны сондықтан, толқындардың әсер етуі.

Төреғали Тәшенов